

ҚОРҒАН

ҚАНАТТЫ ҚЫЗ

АРДАНА

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні. Осы айтулы мерекеге орай, әскери салада қызмет етіп жүрген еңбегі ерен тұлғалармен әңгіме-дүкен құрып, газет бетінде жариялайтын дәстүріміз бар еді. Өткен жылы қазақтан шыққан тұңғыш теңізші қыз Жанар Ыбыраевамен ләбіздесудің сәті түскен. Қарт Каспийдің асау толқынынан қаймықпай, ел шетін күзетіп жүрген талдырмаш қыздың кәсібін, әскери саладағы нәзік болмыстың болаттай жігерін жазғанбыз. Биыл да сондай бір кейіпкерді таптық.

Ол – табиғаты ғана емес, есімі де өзгеше ару. Ардана Ботай. Ардана десе, Ардана екен! Сөзі мірдің оғындай. Өзі жасындай өткір.

Ардана – әскери ұшқыш. Біз Хиуаз Доспанованың ізін жалғаған қазақтың қаршығадай қызының кәсібіне қатты қызықтық. Бір жағы таңқалдық. Ғаламторға жүгініп едік, ұшқыш қыз туралы әдемі жазба, видео-сюжеттер де біршама.

Арданамен тілдесіп, әңгімелесуге біз де асықтық. Әскери саланың қарлығашы сұхбатқа бірден келісті. Ол бала кезінен ұшқыш болуды армандап, көкке самғауды мақсат етіпті. «Армандар орындалады» деген осы. Ұшқыш өзінің армандаған мамандығының иесі атанғанын мақтанышпен жеткізді. Әскери ұшақты ұршықша үйретін қазақ қызы қазір «Ұлттық ұлан» әскери әуе күштерінің қатарында қызмет етеді.

Jas qazaq: Газетіміздің оқырмандары сіз жайлы толық ақпарат білгісі келеді. Әңгімені туып-өскен ортаңыз, отбасыңыздан бастасак.

А.Ботай: Мен Қарағанды облысы «Молодежный» шағын қалашығында өмірге келдім. Кішкентай кезімде ата-анам жұмыс бабымен Алматыға көшті. Кейін Астанаға қоныс аудардық. Бастауыш сыныпты Алматы қаласында оқыдым. Мектепті Астанада бітірдім. Ата-анам заң саласында қызмет етеді.

Jas qazaq: Ардана, қыз табиғатынан нәзік жаратылады. Ал сіз машақаты мол, ер-жігіттердің жүрегі дауаламайтын әскери ұшқыш мамандығын таңдауыңызға не себеп болды? Ата-ананың тарапынан қарсылық болмады ма?

А.Ботай: Кішкентай кезімнен техникаға жақын болдым. Ағамның қолынан автокөлік туралы журнал түспейтін. Менің де техникаға деген қызығушылығымды ойтқан сол журналдар. Ал ұшаққа деген қызығушылығым бастауыш сыныптан басталды. Ата-анам менің таңдауыма қарсылық білдірмеді. Керісінше, «бұл сенің өмірің, сенің таңдауың» деп үнемі қолдау көрсетіп отырды. Қыз бала болғандықтан, анамның қобалжғаны рас. Кейіннен ұшуға рұқсат беретін мемлекеттік лицензиямды көрсеткенімде анам да сенімін білдірді. Табиғатымыз нәзік болғанымен, арманнан асқан күш болмайды екен. Менің бойыма бала кезімдегі арманым қанат бітірді.

Jas qazaq: Ұшақ тізгінінде өзіңіз отырып, ең алғаш көкке көтерілген кезіңіз есіңізде ме? Қандай күйде болдыңыз?

А.Ботай: 10-сыныпты оқып жүрген кезімде Астанадағы мемлекеттік авиация орталығының сабағына қатысатыным. Мектепті бітіргеннен кейін Ақтөбе қаласындағы авиациялық институтқа түскім келді. Өкінішке қарай, ол жерде оқуға тек ер-азаматтарды ғана қабылдайды екен. Сондықтан, Алматыдағы Азаматтық авиация академиясына түстім. Алып шаһарда екі жыл білім алғаннан кейін, Финляндияның Хельсинки қаласындағы әскери мектепте оқыдым. Теориялық-практикалық оқу-жаттығудан үнемі өтіп жүргендіктен, алғаш рет ұшу

кезінде ерекше сезім болды деп айта алмаймын. Бірақ көкке көтерілгенде, ұшақтың тізгіні өз қолыңда болады. Сол үшін әр секундқа жауапкершілікпен қарайсың.

Jas qazaq: Ардана, қазір қандай ұшақты тізгініде жүрсіз? Алға қойған мақсатыңыз қандай?

А.Ботай: Қазір Қарағанды облысына қарасты Балқаш қаласында орналасқан Қазақстан Қарулы Күштерінің № 53898 әскери бөлімінде аға ұшқыш, нұсқаушы қызмет атқарамын. «АН-26» ұшағымен 5000-6000 метр биіктікте ұшу жаттығуларын орындаймын. Ал басты мақсатым – жүрегім қалаған мамандықты барынша игеру. Кәсіби біліктілігімді арттыру. Мықты ұшқыш болу.

Jas qazaq: «Отан қорғаушылар» күні құтты болсын!

А.Ботай: Рахмет! Еліміздің әскери базасы жыл өткен сайын нығайып келеді. Басты ұстанымым еліме қызмет ету. Мен де баршанызды алда келе жатқан «Отан қорғаушылар» күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

2

ЕГЕР
ЖУРНАЛИСТ
ҚАТЕ ЖАЗСА...

ДИҚАН
ӨНІМСІЗ
ҚАЛМАСЫН!

4

ЖАҒАНДЫҚ
ПІКІРТАЛАС
АЛАҢЫ

5

ТАТУЛЫҚТЫҢ
ТҮТҚАСЫ

6

on the web
JASQAZAQ.KZ



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
72,85



DOLLAR
330,72



EURO
395,99

АЛТЫН (ун.)
1314,60



СЫР-СҰХБАТ

ТАРИХТЫ БҰРМАЛАҒАН ТОПЫРАҚТА КИНО КӨГЕРМЕЙДІ



Телеарнадағы сериалдарды кәсіби адамдар түсіреді десем, өтірік болар. «Көш жүре түзеледі» деп көңіл жұбатып алға қарай тарта береміз. Тіліме тағы сол келіп тұр. «Әйел десем, әжеме тиеді» деген сөз бар.

(Толығырақ 3-бетте)

БОЛҒАН ОҚИҒА ІЗІМЕН



СОҢҒЫ «ЖОРЫҚ»

«Шынымен, жасамаған қылмысым қалмапты ғой» деді тағы да өз-өзіне күбірлеп. Қараңғы қапастан сәуле

іздегендей жан-жағына қарап еді, бүкіл әлем түнекке айналғандай. Әлгі қараңғылықтың арасынан пәтерін тартып алған жалғызбасты әйелді көзі шалып қалғандай болды.

– Көптің көз жасы, жетім мен жесірдің қарғысы жіберуші ме еді сені? Әлі-ақ жазанды аласың, – деп төніп тұр.

(Толығырақ 7-бетте)

ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ

Банкте
жүргенде байып
алайық!



(Жалғасы 4-бетте)

БИЛІК

«Отан қорғаушылар» күні ретінде 7 мамырды бекіттік. 1992 жылы дәл осы күні қазақтың Қарулы Күштерін құру туралы Жарлыққа қол қойған болатынымын. Ер-азаматтарды, Отан қорғаушыларды біздің жұбайларымыз, ата-аналарымыз құттықтайтын күн, дәл сол күн. Олардың есіне салып қоймасақ, кейде ұмытып кетеді». Елбасы жоғары әскери және арнаулы атақтар, шен мен мемлекеттік награда тапсыру рәсімінде осылай әзілдеді.



«Біз ширек ғасырдан астам уақыттың ішінде антқа берік, аманатқа адал айбынды армиямызды тәрбиелеп, оны жабдықтап келеміз. Сайыпқыран сарбаздарымыз бен сардарларымыз қастерлі тәуелсіздігіміздің қорғаны бола білді, бола береді деп те сенемін. «Ұраны бар елдің ұланы бар» деген. Ұйытқысы берік ұландарымыз әскери әлеуетті нығайтып келеді. Баһадүр бабалардың ерен еңбегін егемен елдің ерлері лайықты жалғастыруда деп айтуға болады»

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының
Президенті, Қарулы Күштерінің
Жоғарғы Бас қолбасшысы

ӘСКЕРІМІЗ АЙБЫНДЫ, ҚОРҒАНЫМЫЗ БЕРІК

Қазақстан бейбіт мемлекет, айналамыз тыныш. Жүргізіп отырған саясатымыз да бейбіт. Осы орайда, Мемлекет басшысы «бұл біздің әлсіз болуымыз керек» дегенді білдірмейтінін айрықша атап өтті. Қазақстан Президенті «Бүгінгі әлем жылдам өзгеріп жатыр. Ертең не болатынын ешкім болжай алмайды. Бірақ кез келген жағдайға дайын болып, қажет болса, отан, жер үшін өмірінді киюға әзір тұруың керек. Біз, барлық ер-азаматтар осы үшін туып, осы үшін өмір сүріп жатырмыз. Адамға өмір бір-ақ рет беріледі. Әр уақытта жауынгерлер Отанды қорғап, ол үшін өмірін беруді қасиетті борышы деп білген», — деді.

Елбасы салтанатты жиынға қатысушыларға арналған сөзінде елімізде Отан қорғаушылар күні және Жеңіс мерекесін атап өтудің маңызына тоқталды. Н.Назарбаев «Мен бүгін Жоғарғы Бас қолбасшы ретінде жоғары әскери және арнаулы

атақтар, сондай-ақ әскери қызметтегі жетістіктері үшін мемлекеттік наградлар тапсырамын. Осындай жоғары марапатқа еліміздің бейбіт өмірі мен тыныштығын сақтайтын әскеріміз бен арнаулы қызметкердің үздік өкілдері ие болып отыр», — деді.

Біздің әскеріміз бен құқық қорғау құрылымдарымыз ел қауіпсіздігінің берік қалқаны әрі егемендігіміздің мызғымас кепілі болып саналады. Мемлекет барша отандастарымыздың бейбіт өмірі мен тыныштығын сақтау жолындағы жауынгерлеріміздің ерлігі мен қажырлы еңбегін жоғары бағалайды.

Әрбір әскери қызметкер еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісінде зор рөл атқарады. Жауынгерлер әрдайым Отан үшін отқа түсуді парыз санаған. Бұл — жәй сөз емес. Біз мұны екінші дүниежүзілік соғыс

тарихындағы ерлік істерден және ата-бабамыздан қалған мұралардан білеміз. Әрқашан осылай болған және бола береді. Еліміз өз армиясы мен құқық қорғау мекемелерін бағалап, құрмет тұтады.

Мемлекет басшысы салтанатты шараға қатысушылардың барлығын Отан қорғаушылар күнімен және Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтады.

Салтанатты жиын барысында әскери қызметтегі біраз азамат түрлі дәрежедегі ордендермен марапатталды.

(Өз тілішіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

1200

Солтүстік Қазақстанда облысында осынша саяжайды су басты

8

мрд теңге. Алматы облысында салықтан жалтарған көлік иелерінің қарызы

250

млн теңге. Алматы қаласындағы бір аурухананың осынша қаржысы із-түссіз «жоғалған»

7 сөз

ҰБТ тапсыратындардың 80 пайызы қазақ сыныбын бітіргендер

Бақтияр МӘКЕН,
Мәжіліс депутаты:



— Білім беру мекемелерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін нұсқаулар мен жүйелердің, оқытудың болмауы алаңдатады. Соның салдарынан өрт немесе өзге де төтенше жағдай орын алғанда педагогикалық құрамның да, балалардың да тиісті іс-әрекет туралы қарапайым ережеден бейхабар екенін ойлаудың өзі қорқынышты. Соңғы бес жылдың ішінде білім беру мекемелерінде 212 рет өрт шығу оқиғасы тіркелген.

1+2

Бердібек САПАРБАЕВ,
Ақтөбе облысының әкімі:



— Жаңа үйлердің, мектептердің төбесінен су ағып тұр. Мектеп ғимараты су тасқынының табиғи арнасында тұрғызылған. Масқара ғой бұл! Іске қосу кезінде техникалық және авторлық қадағалаудан қалай өткізген? Осының бәрі бақылаудың әлсіздігінен. Бақылаушы мекемелер құрылыс басына барып, қалай салып жатқанын, құрылыс нормасының сақталғанын өз көзімен көруі керек. Құрылыста ең бастысы — сапа. Бұдан кейін ондай өрескелдікке жол беруге болмайды.

Әлеумет.т⁰



«Газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі» дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Бұл, қазіргіше айтқанда, ақпараттық тұрғыда айтылған сөз. Яғни халықтың көретін көзі, еститін құлағы әрі сөйлейтін сөзі деп ұқсас болады мұны. Газеттің бұдан басқа ұйымдастырушылық және тәрбиелік мәні тағы бар. Біздің әңгіме осы тұрғыда болмақ. Мәселе бір газетте ғана емес. БАҚ-тың басқа дәстүрлі түрлеріне де қатысты. Сәл ертеректе газетте бір қате кетсе, ел дүр ете қалатын. Теледидар мен радио дикторы бір сәт мүдіріп, дұрыс сөйлемей қалса, ел ішінде «әнебір күнгі ана диктор не деп қойды?» деп көпке дейін айтылып жүретін. Қазір бұл үйреніштің әлетке айналды. Қате жазып жатады, қате сөйлеп қояды, ол туралы айтып та, жазып та жатамыз, құлағына іліп жатқан біреуді көрмейсіз. Айтылған сөз, жазылған жай «баяғы жартас — бір жартас» кебін киіп қала береді. Нақты мысалдарға келейік.

Бірінші, **үтір** қою мәселесі. Бірақ, алайда, дегенмен, яғни деген шылаулардың алдына үтір қойылмайды. Үтір қаратпа

«Тапсыру» мен «табыстау». Осы мағынасы мүлде бөлек екі сөз бір мағынада қолданылатын болып жүр. «Жүлде табыс етілді» деудің орнына «Жүлде табысталды» деп жазатын журналистер көбейді. Жүлдені «табыс етеді» немесе «тапсырады». Ал «табыстау» біреудің аманатына қатысты айтылатын сөз. Мысалы, бір адамға біреуді «мына баланы ана қалаға жеткізіп салшы» деген секілді. Бұл — табыстау. Белгілі журналист Серік Пірназаров айтпақшы, табыстау — аманаттау. «**Жұмыс жасау**» да сол. «Жұмыс істейді» — процесс (*жұмыс істеудің белгілі бір мерзімі бар*), «жұмыс жасау» — акт (*бір нәрсені істен тастау, бір жұмысты аяқтап тастау*). Қазір радиола да, телеарнада да «пәлен жерде жұмыс жасап жүрмін» деп айтатындар көбейді. Белді бір басылымда «**Даулы сұрақтарды шешу...**» депті. Осы біз орыстың «вопрос» деген сөзінің екі мағынада қолданылатынын ұмытып кете береміз. Біреуі, «мәселе». Екіншісі, «сұрақ». Егер жоғарыдағы сөзде ол «сұрақ» ретінде қолданылған болса, ол «даулы» болмайды. «Сұрақ» шешілмейді, сұраққа жауап

ЕГЕР ЖУРНАЛИСТ ҚАТЕ ЖАЗСА...

сөз бен қыстырма сөздер сөз басында келсе, үтір артынан, ортасынан келсе, екі жағынан, сөздің соңынан келсе, алдынан қойылады.

Екінші, өте жиі қайталанатын қателер жөнінде. «**Туылды**», «**туды**» деген сөздер. Толық айтқанда «туған күннің» дұрыс жазылуы. Бұл жерде Абайды айтып («*Туғанда дүние есің ашады өлең*») қанша «зарласақ» та оның «туылған күн» деген нұсқасы қалмай келеді. «**Тіісінше**» деген сөз бар. Оны «**сәйкесінше**» деп пайдаланып жүр біреулер. Терминком біріншісі нұсқасын мақұлдап қойса да. «**Кез келген**», «**алдын ала**» деген тұрақты тіркестер бар. Осы тіркестерді дефис (-) арқылы жазып жүр көпшілік. Дефис тасымал жасағанда, қоссөз және үстеу мағынасында қолданылатын сөздерден кейін қойылады. Бұлар қос сөз бе? Әрине, жоқ. «**Жанұя**» деген сөз «семья» деген терминді аударғаннан соң балама ретінде пайда болып, бүгінде вирус секілді тамыр-тамырды аралап, буын-буынды дендеп, санаға сіңіп баралы. Оның отбасы (*терминком осы нұсқаны қабылдаған, «Неке және отбасы» кодексі бар*), үйелмен, бала-шаға, үйші, мал-жан, т.б. секілді синонимдері ысырылып қалып барады. Қорқынышты. Қолдан жасалған «жанұя» отбасының орнын басып кетсе, таңғалмайтын шығармыз.

беріледі. Ал «мәселе» даулы болуы мүмкін әрі шешіледі. Қазір көпке тарайтын танымал газеттердің өзінде осы екі ұғым бір мағынада — «сұрақ» түрінде жиі қолданылып жүр. Білместіктен немесе шатастырудан. «Сұрақ» ешқашан «мәселе» болған емес. Мұндай олқылықтар негізінен БАҚ-тың қателігінен кетіп жатыр.

Сөз басында газеттің — БАҚ-тың ұйымдастырушылық, тәрбиелік мәні туралы бекер айтқан жоқпыз. Қате оқырманнан кетсе, оны тілші немесе редактор түзеп жібереді деп сенеміз. Ал сол журналистердің өзі осындай қателіктердің кетуіне мүмкіндік берсе, не істеуге болады? Онда редактор да, журналист те сауатсыз болғаны ма? Қазақта «Ет сасыса, түз себеді. Түз сасыса не себеді?» деген сөз бар. Журналист қателесті деген — бүкіл ұрпақты адастыру, сауатсыздандыру деген сөз. Сондықтан сауатымызды ашып, ұдайы ізденісте болайық. Сөз таптарын, емле ережелерін қадағалап отырайық дегіміз келеді.


Дүрәлі ДҮЙСЕБАЙ,
журналист



Ескерту

СЫНАҚ ЖАУАБЫ САТЫЛМАЙДЫ

Кейбіреулер «ҰБТ-ның дұрыс жауап-кодтарын сатамыз» деген ақпарат таратады. Оның бәрі жалған. Ол «ҰБТ-ның дұрыс жауаптары ешқашан сатылмаған және сатылмайды да. Өйткені бұл мемлекеттік құпия. Оның құпиялығын білім және ғылым министрлігі, арнайы мемлекеттік мекемелер қадағалап отырады. Сондықтан алаяқтық жолға түспей, маңызды сынаққа әрбір түлек өзі дайындалуы керек» деді.



Биыл ҰБТ форматына өзгеріс енгізілген жоқ. Тек оқушыларға сынақты ағылшын тілінде тапсыруға мүмкіндік берілді. Бүгінгі таңда 200-ге жуық түлек ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсыруға ниет білдірген. Дегенмен бұл көрсеткіш әлі де өзгереді. Өтініш қабылдау мерзімі 10 мамырда аяқталады.

— Мемлекеттік қызметкерге жұмыста смартфонды пайдалануға рұқсат беру туралы ұсыныс айтылып жатыр. Осыған қатысты сіздің пікіріңіз қандай?



Сауалы

Аптаңың

Жауабы

Дәурен АБАЕВ,
ақпарат және коммуникациялар министрі:

— Негізі бұл мәселе мемлекеттік қызметкерге смартфонды пайдалануға тыйым салынған күннен бастап талқыланып келеді. Қазіргі кезде біз барлық ұсынысты сараптап жатырмыз. Өкінішке қарай, дәл қазір нақты бір шешімді көрмей тұрмыз. Бірақ бірнеше нұсқа пысықталуда. Жақын арада біз ол жайында хабарлаймыз. Рұқсат берілуі де әбден мүмкін. Себебі қазіргі заманда ақпараттық технологиялардан тыс қалмау қажет. Әрине, қауіпсіздік мәселесін де ескеру керек. Біз осы екі мәселенің тепе-теңдігін сақтауға тиіспіз.





«Қазір кино бар, бірақ сауатты сын жоқ». Бұл туралы белгілі актер, Қазақстан халық әртісі, атақты кинорежиссер Досхан Жолжақсыновпен Jas qazaq редакциясындағы әңгіміміз осындай пікірмен басталды. Ол қазақ киносының тынысы ашыла бастағанын да тілге тиек етті. Оған соңғы төрт-бес жылдың көлемінде түсірілген кинокартиналарды айтуға болады. Мәселен, «Алмас қылыш», «Құнанбай» фильмдері қазақ тарихының арғы-бергі кезеңінен сыр шертеді.

«АБАЙДЫ АРДАҚТАЙ АЛМАДЫҚ»

Jas qazaq: Досхан Калиұлы, жуырда ғана Елбасының қабылдауында болдыңыз. Жүздесуде әңгіме қай тақырыпта өрбіді?

Д.Жолжақсынов: Елбасының қабылдауы әлмисактан келе жатқан дәстүр. Алдымен ағалық, одан кейін Елбасылық қамқорлығымен, елінде болып жатқан игі істің жанашыры ретінде шақырғанына алғысымды білдіремін! Шыны керек, Президенттің тікелей араласуымен тарихи кинолар түсірілді. Соның ішінде менің екі бірдей туындым — «Құнанбай» мен «Біржан сал» бар. Негізгі жоспар бойынша 15 минуттық кездесу еді. Бір сағатқа созылды. Әрине, кездесуде театр мен кино тілге тиек болды.

«АЛДЫҢЫЗДА ҚАЛДАН СЕРЕН ТҰРАДЫ»

Jas qazaq: «Көшпенділерге» түстіңіз. Сонда шетелдіктермен жұмыс істеп көрдіңіз. Шетелдіктердің кино түсіру тәжірибесі қандай екен? Біздің кино мамандары үйренуге тиісті артықшылықтарын айтып берсеңіз. Жалпы Батыс киноиндустриясынан үйренеріміз бар ма?

Д.Жолжақсынов: Ғажап! Біріншіден, таң қалып, тақымынды қысасың. Олар бұл кәсіпті алпыс екі тамырынан өткізгендей сезінеді екен. Менің күнкөрісім ғана емес, бұл менің кәсібім деп түсінеді. Асқан жауапкершілікпен қарайды. Үн-түнсіз, айкай-шусыз, сыбырмен, сабырмен тындырады. Шынымды айтсам, шетелдің кино түсіру тәсілдерін, өнерге деген тақуалығын, кәсібіне деген жауапкершілігін, актерге деген шынайы сүйіспеншілігін көріп рухтанып қалдым. Түсірілім ғажап түс көргендей өтті. Түнгі сағат үште тұрсақ та машина күтіп тұрады. «Мистер Досхан» деп қарсы алады. Арнайы вагон бар, киетін киімін дайын. Гримге апаралды. Гример «Сіз ыңғайланып ұйықтай беріңіз. Мен грим сала беремін» дейді. Бір кезде ояталды. Оянасңыз, өз-өзіңізді танымай қаласыз. Алдыңызда — Қалдан Серен тұрады. Көлікпен кино алаңына апаралды. Сізбен тек режиссер мен бас оператордың ғана амандасуға құқы бар. Отыратын креслоның артына дейін

«Мистер Жолжақсынов» деп жазып қойған. Актерге деген құрмет қандай, қаранышты!..

Нақты айтқанда, олардан ұйымдастыру жағын үйренуге болады.

Jas qazaq: «Алмас қылышқа» түстіңіз. Актер емес, режиссер ретінде фильмнің сценарийіне, диалог, оқиға желісіне көңіліңіз толды ма?

Д.Жолжақсынов: Түсінігі бар әр пенде мұны өзінше қорытады. Мен сол

айтылған болса, онысы бекер. Аузымызды ку шөппен сүрте беруімізге болмайды. Барымызды бар деп, жоғымызды жоқ деп айтатын уақыт келді. Олай істемесек, біз оналмаймыз. Сондықтан, қазір кино бар. Біріншіден, көрерменнің ризашылығы бар. Бірақ дұрыс сын жоқ. Кино мен әдебиетімізге, ұлттық құндылықтарымызға келгенде де ұлттық ұстаным, ұлттық таным болмай, қазақы көзқарас болмай, сыншылар оналмайды.

«ІШІМ УДАЙ АШИДЫ»

Jas qazaq: Қазір телесарналар жеңіл-желпі, дубөра, сюжеттінің желісін адам түсініп болмайтын сериалдарды көп түсіріп жатыр. Соған кино қайраткері ретінде ішіңіз ашымай ма?

Д.Жолжақсынов: Амал қанша?! Кинотеатрын жоқ. Қазақ киносының бәрі табалдырықтан сығалап қалды. Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы ұсақ-түйек сериал түсірумен айналысатын болса, ол қарашанырақтығынан айырылып қалуы мүмкін! Біріншіден, теледидар жан-жақты шынығуы керек. Теледидардың киноға деген пайымы қарашаныраққа қарағанда бөлектеу. Тез түсіру жағы болсын, т.б. Бұларда үлкен декорация болмайды. Көбісі интерьер, кабинет, пәтер ішінде ғана түсіріледі. Қыска-қысқа оқиғалардан құралады. Үлкен экраннан айырмашылығы осында.

Jas qazaq: Кейде телесарналардың жеңіл, арзан кино түсіріп, қазақ әдебиетіне арзан «үлес» қосып жүргендерге қарап қарныңыз ашпай ма?

Д.Жолжақсынов: Көрпеміздің қысқалығында ғой бәрі. Сол сериалдарға бірнеше миллион тенге беріледі екен.

Қаншалықты шын-өтірік екеніне жауап бере алмаймын. Сол ақша таныс-тамырға, дос-жаранға

Досхан ЖОЛЖАҚСЫНОВ:

ТАРИХТЫ БҰРМАЛАҒАН ТОПЫРАҚТА КИНО КӨГЕРМЕЙДІ

Jas qazaq:

«Қазақфильмнің жері сатылады» деген әңгіме шыққалы біраз жыл болды. Оған кімдер қызығып отыр? Ақордадағы кездесуде бұл туралы әңгіме болды ма?

Д.Жолжақсынов: Соңғы он күннің төңірегінде біраз депутат бастап, «Қазақфильм» киностудиясына барыпты. «Жер сатылмайды» деп айтыпты. Басқасы бекер әңгіме. Алаңдаудың қажеті жоқ. Сондықтан мен де бұл туралы сөз қозғамалым. Абай мен Шәкәрім кесенесінің күтімі жайында айттым. Екеуінің де басына дұрыс күтім болмай тұр. «Құнанбай»

Менің бір таң қалғаным, Қарауылда Абайдың туған күні де атылып өтпеді. Біз түсірілімді бір күнге тоқтатып, көшеге шықтық. Тойды өзіміз бастадық. Жас балалар өлең оқыды. Кінені кімнен іздерімді білмедім. Ол жақтағы қазақтардың жігері өліп кеткен бе?

киносын түсірген кезде, барлығын өз көзімізбен көрдік.

Әлде басшылар мән бермей ме, осы екі жағын ажырата алмадым. Бұл топыраққа қазақтың табаны тиіп тұру керек. Киелі жерді суытпауымыз керек. Міне, осындай ойларым жазылған хатты Елбасыға қалдырдым. Президент ұйып тыңдады. Абайдың қадір-қасиетін білу үшін, менің ойымша, дипломның да қажеті жоқ. Кең байтақ қазақ жерінде дүниеге келсең болды.

Jas qazaq: Енді өнер тақырыбына оралсақ. Соңғы жылдары тарихи фильмдер көбірек түсіріліп жатыр. «Көшпенділерден» басталды. Сіздің фильмдерден бөлек, «Алмас қылыш», «Баян сұлу» сыяқты тарихи мұраларымыз экранға жол тартты. Осы фильмдердің көркемдік деңгейіне көңіліңіз толды ма?

Д.Жолжақсынов: «Баян сұлу» көрген жоқпын... Көкірегіңде ұлттық намысы бар, құнарлы топырақты басқан, қолқасында қиынмен кәсекесуіңдің түтіні сінген жас жігіттер қазақ киносын қолға алып жатыр. Солардың ішінде Ақан Сатай пен Рүстем Әбдірашты айрықша атар едім. Осы азаматтардан үлкен үміт күтемін! Ақан түсірген «Жау жүрек, мың бала», Рүстем түсірген «Алмас қылыш» көркемдік жағынан да, кәсіби жағынан да заманына сай деп білемін. Ал енді «Қазақстан» ұлттық телеарнасында түсіріліп жатқан дүниелердің біріне де тоқтай алмаймын. Жалпы, сын айтатын болсам, оның зауалы кімде дегім келеді? «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» сериалы туралы бірнеше сын мақала оқыдым. Біріншіден, ол киноны түсірілуге рұқсат берудің өзі қылмас. Өйткені бұл — қазақтың жауһар қылы. Мұндай асыл мұрамызды кез келген жолаушының қолына қолжаулық қылу — қылмас. Мұндай жәдігерді түсіруге қандай құжын бар? Ақталып жатқан адамдарды да естітім. Ақшаны, анау-мынауы сылтау қылыпты. Ақшаның, білім мен біліктің жетпейтінін фильмді қолға алмас бұрын ойлануы керек еді.

фильмнің ішінде жүргеннен кейін, бұл сұраққа билік айту оңай шаруа емес. Бірақ кинокартинаның тіліне келгенде датым бар. Мен енді Таласбек Әсемқұловпен салыстырамын ғой. Таласбектің тілін алып қарсаңыз, оның әр орамы мақал-мәтел еді ғой, шіркін! Ал «Алмас қылышқа» қосымша редактор керек пе деген ойым бар. Осы жағын байқағандай болдым. Алайда кино оңай

шаруа емес. Қадыр ағам Абай ескерткішін көріп, мүсіншіге сын таққандай сөйлеп келеді дейді: «Мұны қайда Абайдың? Күніренген күйі қайда? Оны көрсететін көз қайда?» депті. Бұл жерде мүсіншіні кінәлауға болмайды. Оның бар кінәсі — Абайдың ұлылығында. Ол ұлылықты көрсету мүмкін емес. Қызыл тілде сүйек жоқ, біз айта береміз. Десе де, мінеуге болмайды.

Jas qazaq: «Қыз Жібек» фильміндегі актерлердің диалогы қазір тұрақты сөзге айналып кетті. Мысалы, біреу сөзді бұза берсе, «Бекежан мырза, сөзді бөле бердіңіз ғой» дейміз. Ол кезде мықты команда болды деседі. Бүгінгі қазақ киноиндустриясына да команда қажет пе?

Д.Жолжақсынов: Әрине, команда болу керек. Бірақ оны қайдан табасын? Қолына барынды қиесің ғой. «Қыз Жібекті» түсірген алыптардың арасында кімдердің болғанынан хабарыңыз бар шығар? Сценарийін Ғабит Мүсірепов жазды. Музыкасын саз сайыпқыраны Нұрғиса Тілендиев ұлттық нақышпен өрсе, әні мәтінін Қадыр Мырза Әлі жазған. Режиссері — әйгілі Сұлтан Қожықов.

Jas qazaq: Қазақ сөзінің майын тамызып сөйлейтін, жазатын мықты қаламгер-жазушы ақсақалдарымыз бар ғой. Сол кісілер көп қаламақы сұрайды деп ойламаймын. Тіпті Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романын оқысаңыз, соның ішіндегі құнарлы тілді диалогқа, фильмнің арасына қосып отыруға жарнақ-ақ тұр!

Д.Жолжақсынов: Мәселе ақшада емес. Оның үстіне жазатын ақсақалды табу, олармен жұмыс істеу де оңай емес. Жазушы-қаламгерлерде де намыс бар, көкірек, менмендік бар. Қай ақсақалдың алдына барып «Мынаны түзетіп беріңізші» деп жалынып отырады. Редактор «Мен де сол деңгейдемің» деуі мүмкін. «Алмас қылыштың» тіл орамына келгенде нақтылы датым осы.

Jas qazaq: Асанәлі Әшімов «Қазір кино жоқ» депті бір сұхбатында. Ол кісі сіз түсірген фильмдерді көрмеген бе? Әлде көңілі толмады ма екен?

Д.Жолжақсынов: Білмедім. Көрген болар. Әсіресе, кино жағына келгенде, Асқем жанажыр ағаларымының бірі. Көру керек деп ойлаймын. «Кино жоқ» деп қай уақытта, қандай фильмге қарата айтылғанын білмеймін. Бүгінгі күнге байланысты



кетіп қалып, содан ақсап жатыр ма?! Оны да бір Алла біледі. Мәселен, мен қайсыбір арнаны қарай алмаймын. Себебі жаныма жақын, құлағым таныс, көзіме үйір ештене таппаймын. Кезінде «Көркемдік кеңес» деген болушы еді. Қайта құрылыпты. Бағаяға Ақселеу мен Жәнібек ағаларымыз жүргізген әннің тарихы туралы хабар болды. Мен жұмыра Абайдан бастап, тіпті оған дейінгі әншілерге дейін тоқтап, жүргізушісін де белгілеп, сол Ақандардан қалған хабардың жалғасы болсын деп, бір жобаны «Көркемдік кеңеске» бердім. Оң шақты күннен кейін хабар алдым. «Көркемдік кеңестен» өтпей қалыпты. Таң-тамаша болдым да қалдым. Егер «Мына жері дұрыс емес. Сөз саптауың дұрыс емес» деп жатса, онда мақұл! Ондай пікірді қабылдауға бармын. Жалпы тақырып ұнамай тұр ғой. «Бұл бізге неге керек?» депті. «Ішің ашымай ма?» дейсін. Ашығанда қандай, ұдай ашиды...

Jas qazaq: Жанағы бір сұрағымыздың тігісін жатқызып алайықшы. Естуімізше, телесарналардан берілетін сериалдардың диалогын «КВН-да» ойнайтын жігіттер жазды екен. Сценаристер оларға фильмнің канқасын әкеліп береді. Диалогын солар жазады. Өнерді оқымағандар. Арзан диалог, жеңіл күлкі, өте қарабайыр кадр, кәзіргі көше «жарғоны» қосады. Сіз киноға келген кезде қандай еді?

Д.Жолжақсынов: Мәселе сонда. Сондықтан ғой, біздің құрып жатқанымыз. Телесарнадағы сериалдарды кәсіби адамдар түсіреді десем, өтірік болар. «Көш жүре түзеледі» деп көңіл жұбатып алға қарай тарта береміз. Тіліме тағы сол келіп тұр.

Бізде барды мойындау деген қасиет болмай тұр. Ол көре алмаушылық па, қызғаныш па, аражігін ажырата алмадым. Мейлі жазушы, мейлі актер, режиссер болсын, ол менмендігін жоғалтпауы керек. Бұл менмендік өркөкіректік емес. Ішкі жігер, күш, білім. Менмендік кәсіпке айналса, жанбай жатып өшесің. Екінші жағы тағы бар. Мен-менің жоғалса, онда шаппай жатып шатқаяқтайсың. Сынды дұрыс қабылдаймын, бірақ одан сабақ ала алмаймын. Өйткені біздегі сын адамды жанитын, шынайы сын емес. Аяқтан шалатын шала бірдеңе. Сынға сынып кетсең, киноң жайында қалады.

«Әйел десем, әжеме тиеді» деген сөз бар. Теледидарда бұрын-соңды болмаған нәрсе ғой. Осының жақсы жағын тәжірибе етіп қабылдап, көркемдік жағында, экранда болып жатқан режиссерлік шешімінің бәрін жақсы жағына өзгерте алатын болсақ, құба құп! Бірақ кейде ойлаймын, етіктің қисық басқан өкшесіндей, осылай кетіп қаламыз ба деп қорқамын.

Jas qazaq: Кезінде алыптардың көзін көрдіңіздер ғой. Олардың өнерге, киноға деген көзқарасы, талғамы мен талабы қандай еді?

Д.Жолжақсынов: Олар бетін тіліп тұрып бірден айтып салушы еді. Кейде сол кісілердің болмағанына шүкіршілік етемін! Кейде сол ұлылардың болмағанына ішім қыз-қыз қайнайды. Себебі, бұл кісілер айтып, тіліп салатын. Біз көңілге қарап сөйлейміз. Ақсақалдарымыз айтуын айтып,

Енді қаржының бөлінуін ғана күтіп отырмын.

Jas qazaq: Ресейліктер «Алтын орда» туралы фильм түсіріпті. Сол жерде қазақтың біраз актері жүр. Фильмде татарларды қисық қырынан көрсеткен секілді боп көрінеді. Бұдан саясаттың ісі аңқаймай ма?

Д.Жолжақсынов: Саясаттың ісі аңқығанда қандай, танауыңызды жарады. Мысалы, американдықтар экранда әмірені басқанын бәрін кем көрсетеді. Өзіне келгенде өзегін жұлып береді. Қай киносын қарасаңыз да, фильмнің соңында Американың жалауы желбіреп тұрады. Бұл үлкен саясат. Орыстарда да солай. Әсіресе, тарихи фильмдерге келгенде. Өйткені тарихтың алғаш бұрмаланғаны сол топырақ қой. Тарихты бұрмалаған топырақта ондай кино көгермейді. Тарихи фильмді түсіретін режиссер, тарихпен сусындауы керек. Зерттеп, білуі қажет. Сіз

айтқан фильмді шолып қарап шықтым. Татарларды қисық қырынан көрсету дегеніңіз қызыл-жасыл болып қатты көрінбейді, сипай қамшылағандай өте шыққан. Бірақ арғы жағында саясат аңқып тұр. Ол саясат — Ресейдің мүддесі. Егер күндердің күнінде біз Хан Кенені түсіретін болсақ, тарихи шындықтан да, саясаттан аттап өте алмаймыз. 28 панфиловшылар туралы кинода да бір қазақ жоқ. Якут па, калмак па, біреу жүр.

«ӘНШІ ӘМІРЕНІ ТАБА АЛМАДЫМ»

Jas qazaq: Досхан аға, өнерде аға буын мен жастар арасында алтын көпірге айналған сабақтастық дәстүр болушы еді. Сіз соны көріп өстіңіз. Қазір осы сабақтастық бар деп айтуға бола ма?

жазып жатыр. Өзімізге өзіміз сын көзбен қарай алмаймыз. Ең құрығанда жатарда өзімізге ақпар бере алмаймыз. Бүгін не істедім: «аяғымды дұрыс бастым ба, әлде шалыс кеттім бе?» деген сұрақтарға іштей жауап іздемейміз.

КЕЙДЕ «ЕШКІНІ ШЕШЕ, ТЕКЕНІ ӨКЕ» ДЕЙМІЗ

Jas qazaq: Бұрын кино саясатқа тәуелді болушы еді. Қазіргі киноиндустрия қаржыға байланып қалған жоқ па?

Д.Жолжақсынов: Байланғанда қандай, кіндігімен маталып қалды. Бірақ іргедегі қоныс қонған елдерге қарағанда, шүкіршілік! Қазақ кино өнері дамып келеді. Черчилль айтқан екен: «Мәдениет экономиканың тамшысымен сусындайды» деп. Ол рас. Егер біздің экономикамыз көтерілетін болса, мәдениетіміз де көтеріледі. Бүгінгі күнгі киноларымыздың сұранысы бұрынғы кинолардан көп деп айта аламын. Өйткені бәрі қымбаттап кетті. Қазір кейде осы кино үшін «ешкіні шеше, текені өке» деп өтетін тар соқпақтарымыз болады. Беделімізді салып, әкім-қаралардың алдына баруымызға тура келеді. «Құнанбайды» түсірген жылдары шығыс өңірді Бердібек Сапарбаев басқарып тұрды. Телефонда сөзімді айтып болмай жатып, «қам жеменің» деді. Азаматтық қылды. Бердібектің арқасында болар, «Құнанбайдай» сүйекті туындыны 1 ай 18 күнде бітірдік...

Jas qazaq: «Құнанбайды» түсіргеніңізге де бірнеше жыл болып қалды. Енді не жоспарлап жүрісіз?

Д.Жолжақсынов: Моңғолиядағы жігіттердің бірінен жақсы сценарий қолыма түсті. Азаматтық соғыс жылдары болса керек. Моңғол даласынан қиырдағы Кореяға, әскер мінетін ат айдапты. Сол сапардан бір ат қайтып оралған екен. Тобан аяқ болып, арқасын жауыр жеп, жал-құйрығы түлдіз сүзіліп қайтыпты. Маған мұның идеясы қатты ұнады. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген дүние ғой. Оның үстіне қазақ пен жылқы бағзы заманнан егіз ұғымға айналған. Елбасының қабылдауында осыны айттым.



Д.Жолжақсынов: Жас кезімде, театрда жүрген жылдары өнер адамдары арасындағы сабақтастық дегенді байқаушы едім. Бұл — кішінің үлкенге, үлкеннің кішіге ізет-құрметі. Үлкеннің сынын кіші дұрыс қабылдап жататын. Ал кинода басқаша. Мысалы, менің киноларыма ағаларым алғашында сенімсіздікпен қарады. «Мынау кино емес, театр» депті...

Бізде барды мойындау деген қасиет болмай тұр. Ол көре алмаушылық па, қызғаныш па, аражігін ажырата алмадым. Мейлі жазушы, мейлі актер, режиссер болсын, ол менмендігін жоғалтпауы керек. Бұл менмендік өркөкіректік емес. Ішкі жігер, күш, білім. Менмендік кәсіпке айналса, жанбай жатып өшесің. Екінші жағы тағы бар. Мен-менің жоғалса, онда шаппай жатып шатқаяқтайсың. Сынды дұрыс қабылдаймын, бірақ одан сабақ ала алмаймын. Өйткені біздегі сын адамды жанитын, шынайы сын емес. Аяқтан шалатын шала бірдеңе. Сынға сынып кетсең, киноң жайында қалады.

Jas qazaq: «Әмірені» көрдіңіз бе?

Д.Жолжақсынов: Көрдім. Отбасымды ертіп барып, сәуірдің 5-күні көрдік. Бірақ әнші Әмірені таба алмадым. Біріншіден, бұл Әміре емес. Әміре болмағаннан кейін, оған сын тағып та қажеті жоқ. Екіншіден, бұл жарнама. Жарнама болғанда да жалаң жарнама. Әміре болғаннан кейін, бұл ұлттық дүние болуы керек еді. Бұл ондай емес.

Фильмдегі Әміре бірде күйші болып кетеді, бірде джаз стилінде өнер көрсетеді. Масқара болғанда, фильмнің соңында Әмірені ойнаған жігіттің әнінен кейін Әміренің өз дауысын береді. Жер мен көктей. Музыкастарының құлағы кеміс, режиссерінің көкірегі таяз-ау деймін!

Сол фильмді мен түсіргенде, әнін мен жаздырғанда, мүлде басқаша жаздыратын едім. Қазақтың дауысын көрсеткің келді ме, несің аяйсын?! Даладай дархан, асқардай асқақ дауыс бізде көп қой!

Jas qazaq: Әңгімеңізге рақмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН

Jas qazaq жазып еді

**Былытр
Мақтаарал**

ауданы әкімдігінде кезекті
жиналыс өтіп, онда жиын-терімі
біткен егістік жерлердің күзгі сүдігері мен
мемлекет тарапынан диқандарға берілетін
субсидияның жайы сөз болды. Онда белгілі
болғандай, күндегі мәселелердің атқарылуы мен
орындалуы мардымсыз екен. Жер жыртуға жауапты
ауыл әкімдері мен аудан әкімдігі мамандарының
субсидия жайындағы жауаптары тиянақсыздық
пен қауқарсыздықты аңғартты. Өйткені ауыл әкімі
мемлекеттен жерді 49 жылға жалға алған диқанға егістік
жерді дер уақытында жылпадығы деп заңды түрде ешбір
шара қолдана алмайды. Айтқанының өзінде диқан
«субсидия ала алмай жатырмын, қаржым жоқ» деп өткір
мәселені көлденең тартады. Сол сәтте субсидия шіркін
ақ парақтың бетінде шөндінің қолтаңбасын күтіп,
үстел үстінде жатады. Ауыл әкімі ол дөуге «тезірек
болыңызшы» деп қалай айта алады? Сонда
мемлекет меншігі деп ресми танылған егістік
жердің құнарлылығын арттыру үшін дәл
қазір ауыл әкімі не үшін жауапты
саналады? Түсініксіз.

Біздің ойымызша, мемлекеттен әрбір тоннаға немесе гектарға төленетін 6 мың мен 15 мың теңге аралығындағы сол қаржыны Үкімет арнайы заң қабылдап, арнайы есепшотта ұстауы тиіс еді. Бұл қаржыға ауыл әкімі иелік еткені жөн. Ауыл әкімдігінде әр ауылға бір агроном-маман қызмет атқарса, іске оңтайлы болмақ. Себебі дер кезінде жыртылған жерге бастапқыда осы мамандар тракторы бар жекешеге субсидия есебінен ақша төлейді. Уақыт өте келе, ауыл әкімдігінің есепшотында субсидия қаржысы тұрғанын білген қалталылар МТС орталықтарын құра бастайды. Ауыл әкімі диканның егістік жерін жырту, күтіп-баптауына арнап сол МТС есебіне әр атқарылған жұмыс үшін қаржы аударып отырады. Осы істің барысында агроном-мамандардың дәлме-дәл апараты , ақыл-көнесі, тіпті талабы

арқасында жер жірту, пал көтеру, сор шаю, улы химикаттарды сатып алу, оны козаға сеуіп, зиянкестерді бұлықтыру, тынайықш шашу шаралары дер уақытында атқарылып, жердің құнарлылығын арттыруға мүмкіндік туады. Мұны да ұйымдастыратын

жергілікті билік болуы тиіс. Бұл заңмен бекітілсе, тіпті жақсы.

Біз айтып отырған әдістің тиімділігі мынада: ауыл әкімдігі жердің күз айларында жыртылуын талап ете алады; сенім пайда болған

Мақтаарал ауданында бүгіндері 20 мың ұсақ шаруа қожалығы бар. 137 мың гектар суармалы жерге қауын-қарбыз, бау-бақша, мақта егілді. Соңғы жылы қауын-қарбыз егушілердің әр гектарына беріліп келген 18 мың теңге субсидия тоқтатылды. Неге? Бұған жауап жоқ.

Өлке дикандарының көпшілігі мемлекеттен субсидияның берілуін сарыла күтіп, ол қаржы қолға тигеннен кейін ғана жер жұртуға кіріседі. Бұл агротехникалық шара қантар, ақпан, тіпті наурыз, сәуір айларында орындалып жатады. Ал қазақта «Жерді күз айда, күз айдамасан, жүз айда» деген нақыл сөз бар ғой. Ағын суың да күрделі мәселесі қосылып, іріленген Мактааралдың бас мұрабындай дәрежедегі көрші өзбек билігіне дембіл-дембіл ат арылтып, су сұрап, жалтан-жалтан қарайтынмыз да жасырын емес.

Енді қант қызылшасына, күрішке және мақтаға субсидия берілетінін ауыл шаруашылығы министрлігі хабардар етіп жатыр. Тағы өндеуге тапсырылған өнімнің тоннасына берілмек. Әбден таптаурын болған сүрлеуге тағы қайталай түсудің не пайдасы бар? Бұл да түсініксіз.

Былтыр коныр күзде енбектің бейнетінен сон зейнетін көруге тиіс дикан баба макталығын зиянкестер кеміріп тастаған сон, бос жатқан жеріне баруға бәті дауалауға алыстан ызалана қарап жүрді. Табиғи апат секілді зардаптар әкелген бұл қиыншылыққа мемлекет компенсация төлей алды ма? Жок! Ым-жымсыз дүние, әйтеуір.

Әйтсе де, күнгейдегі дикандар субсидияның арқасында ғана өнім өндіріп отыр деген пікір туындамауы керек. Ауыл шаруашылығы министрлігінің зерттеуі бойынша, субсидия шығынның 10-15 пайызын ғана жабады екен. Ал әрдайым кешіктіріліп берілетін субсидияны күтсе, дикандар «Көктемнің әр күні – жыла азық» мезгілде

ӨНІМСІЗ

ҚАЛМАСЫН!

сон кооперативтер құрылады; МТС-тердің ұйымдастырылуына ыңкыш бола алады; егістік жерлердің құнарлылығын арттыруға мүмкіндік туады; субсидия мақсатты жұмсалады. Ал егістік жерлер толық жыртылысымен ағын сумен қамтамасыз етуші мемлекеттік қазыналық мекеме де су құлағын сәл ертерек ашар еді. Ең бастысы – жергілікті биліктің қызметі, мемлекеттің беделі артады.

капы қалады. Сондықтан мақташы Жаратқанға бір сыйынып, бар тапқанын жерге көмеді. Ал сары топыраққа көмілген 1 теңге 2 теңге бола ма, болмай ма, оны билік пен диқанньы үйлесімді жұмысы ғана нақтылайтыннын уақыт көрсетіп отыр.

Өсімхан ПІСТЕБЕК,
Мақтаарал ауданы,
Оңтүстік Қазақстан облысы

ЖЕКЕЛЕГЕН АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРДЫҢ ТҰТЫНУ БАҒАСЫНЫҢ ИНДЕКСІ

(2018 жылғы наурыз бойынша)

Қызмет түрі	2018 ж. ақпанға	2017 ж. наурызға	2017 ж. желтоқсанға
Киім және аяқ киім	100,4	108,1	101
Тұрғын-жай қызметтері, су, электр қуаты, газ және отынның бас түрлері	100,1	107,8	102,2
Үй тұрмысының заттары	100,3	105,8	101,2
Денсаулық сақтау	100,6	107,2	102,2
Көлік қызметтері	99,8	108	101,7

Дереккөзі: Статистика комитеті/Tenge Monitor

Econometr

Долмарға сұраныс азайды

Елімізде долларға сұраныс азайды. Соңғы үш айдың өзінде жасыл ақшаның теңгеге шаққандағы бағамы да, сатылымы да төмендеген.

Осы жылдың қаңтар айында теңгеге шаққандағы доллар бағамы 327, ақпанда 321,9, наурызда 320,7 болды. Zakon.kz хабарлағандай, айырбас орындарына доллар алуға келетіндер саны біршама азайған. Қаңтарда 107,9 млрд теңгеге, ақпанда 68,7 млрд теңгеге, наурызда 58,2 млрд теңгеге доллар сатылған. Долларды сатып алудан гөрі, сату үлесі басым.



Тауарды кәрізге тықты

«Қорғаста» түрлі жасырын қоймалардан 16 тоннадан астам контрабандалық тауар табылды. Тауардың басым бөлігі керіз құдықтарына жасырылған.

Барлық тауар тәркіленіп, уақытша сақтау қоймасына көшірілді. Бұл туралы «Қорғас» ШЫХО «Алтынкөл» кеден бекетінің қызметкері tengrinews.kz сайтына хабарлаған. Қазір тәркіленген тауарлардың иелерін анықтау жұмысы жүргізілуде.



Қызықстан қызықтары

Алматыда банктің екі қызметкері қалтасын қампайтудың оңай жолын тауыпты. Олар кассада 128 мың еуро алып, орнына сүвенир банктоттарды қалдырған. Осылайша ізін жасырмақ болыпты.

Алайда аяласы іске аспай,
қылмыстық іс Алмалы аудандық
сотында қаралды. Алматы

Жалған еуроның жыры

сотынның баспасөз қызметі хабарлағандай, кылмыскерлер 2017 жылдың шілдесінен бастап, 26 қазанға дейін екі азамат өздеріне сеніп тапсырылған қаржыны сөмкесіне салып, банктен алып шыққан. Жалпы 128 000 еуро (49 345 344,4 теңге), 79 900 доллар (26 286 818,8 теңге) алып кеткен. Сот отырысында кінәсін толық мойындапты.



Орайы келген әңгіме

2018 жылдың 22-24 мамыр күндері Алматы қаласындағы The Ritz Carlton отелінде XV Еуразия Медиа Форумы өтеді. Жыл сайынғы осымен он бесінші мәрте өткізілетін Медиа форум 60-тан аса мемлекеттен 500-ге жуық делегаттарды жинауда. Әлемнің 1500-ден аса танымал ақпарат құралдары: Euronews, CNN, BBC, Associated Press Television News, Reuters, Bloomberg, New York Times, Al Jazeera English, TACC, РИА «Новости», РБК, Первый канал, ИА «Джихан» және т.б. форумның серіктестері қатарынан табылды.

Биылғы форум тақырыбы «Эволюцияның 15 жылы: әлем қалай өзгереді және бізді қалай өзгертеді» аясында өрбімек. Онда шетелдік сарапшылармен бірлесе отырып, медиа саласындағы заманауи технологиялар: блогосфера, фейк-жаңалықтар және тағы басқа мәселелер талқыланады. Бұл ретте, Еуразия Медиа Форумның бас директоры Руслан Жемковпен сұхбаттасқанды жөн көрдік.

өзгергенін, оның эволюциясын көрсеткіміз келеді.

Заман ағымымен біздің де, біздің көзқарасымыздың да өзгеруі заңдылық. Бұл ретте, максатты аудиторияға жаһандану заманында жұтылып кетпейтінімізді дәлелдесек дейміз.

Зымыраған уақытқа ілесіп, өмір сүру кейде қорқынышты. Бірақ он өзгерістерден бас тартпауымыз керек. Егер өзгеріске бет бұрып, кез келген мәселені талқылап, түсінуге ұмтылсақ, бейбіт өмір сүретініміз анық.

— **Түсінікті. Өзіңіз айтқандай, форум 15-рет өткізілгені отыр. Қандай да бір нәтиже бар ма?**



кеңесшісі Роджер Фиск, Грузияның экс-білім министрі Хатия Деканоидзе, танымал журналистер мен тележүргізушілер арасында Софико Шеварнадзе (*Russia Today*), Рено Жирар (*Le Figaro*), Гэвин Хьюитт (*BBC*), сенатор США Макс Баукас және т.б. бар.

— **Мықты. Осы ретте, мынадай сұрақ туындауда. Бұл форум бізге керек пе? Еуразия Медиа Форумның өзге форумдардан айырмашылығы қандай?**

— Бастапқыда біз Kazakhstan Gateway деген атаумен жоба ретінде құрылдық және форумның басты ұраны East or West — Peace is best еді. Менің ойымша, ол әлі күнге өз өзектілігін жойған жоқ. Біз пікірталас алаңымыз, әлем елдерінің бейбіт болғанын, ынтымағының жарасуын қалаймыз. Бүгінгі қоғам соғыстан, террорлық шабуылдардан, экологиялық киындықтардан, күрделі экономикалық дағдарыстар, тағысын тағылардан шаршады. Тіпті бұқаралық ақпарат құралдарынан, блогерлерден, іскерлік этика мен моральды бизнес, саясаттан да шаршады. Біз бүгінгі қоғамның келбетін көрсетеміз. Қоғамның барлық дертін жазамыз деп айтудан аулақпыз. Бірақ біз осы мәселелердің шешімін бірге іздейміз, талқыға саламыз

МЕДИА ФОРУМ – ЖАҒАҢДЫҚ ПІКІРТАЛАС АЛАҢЫ

— **Руслан Сергеевич, әңгімені форум тақырыбынан бастайықшы. Неге «Эволюцияның 15 жылдығы»? Жалпы, форумның көздеген максат-мұраты неде?**

Біздің жыл сайынғы мақсатымыз біреу, ол — осы форум арқылы елімізді әлемге таныту. Яғни Қазақстанды жана қырынан көрсету және біз туралы дұрыс ой қалыптастыру. Медиа форум — бұл жаһандық мәселелер талқыланатын пікірталас алаңы. Сондықтан, біз еліміздің әлемдік тенденциялардан артта қалмағандығын, керісінше белсенділігін және өзге елдермен тәжірибе алмасуға дайын екенін көрсеткіміз келеді.

Пікірталас әрдайым конструктивті диалогтарға айналады. Бұл үлкен мақтанш және мұны форумның қол жеткізген ең басты құндылығы санаймыз.

— **Әрине, бар. Мәселе бағалауға байланысты. Біз үкіметтік емеспіз. Қандай да бір коммерциялық мекеме де емеспіз. Десе де, ел беделін әлемдік деңгейде қалыптастыру бағытында еңбек етіп жатқанымыз анық. Форумның өзі — мемлекетіміздің нағыз PR құралы болып табылады. Бұл жай сөз емес, іспен көрсетіп жатырмыз. Форумға келген шетелдік қатысушылар «бұрын-соңды қатысқан форумдардың үздігі» деген баға беруде. Өйткені, барлығын тәжірибе түрінде көрсетеміз. «Еркін пікірталас пен еркін микрофон алаңын» ісіміз арқылы жүзеге асырып, пікірлердің сан алуандығын дәлелдеудеміз. Егер шетелдіктерге еліміз туралы жақсы пікір қалыптастыра алатын болсақ, бұл нәтижелі жұмысты білдірсе**

керек. Әрине, нақты өлшеп бағалау қиын. Дегенмен бірқатар мықты елдердің көрсеткіштері мен рейтингіне қарап-ақ форумның деңгейін көруге болады деп ойлаймын.

— **Спикерлер мен хэдайнерлер кімдер? Кімдер келеді, кімдер болды?**

— Әдет-тегідей, биыл да шақырылған қонақтар қатарында саяси сарапшылар,

экономистер және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар. Атап айтар болсақ, Италияның экс премьер-министрі Маттео Ренци, Арлем Дезир (*ОБСЕ*), Барак Обаманың коммуникациялар жөніндегі

және бүкіл әлемге үндеу тастаймыз. Ал Қазақстан ұқсас форматтағы мәселелерді шешуде Еуразияда көшбасшы.

— **Алдыңғы жылдары форум Астана қаласында өтті. Оның үстіне айтулы шаралардың біразы Елордада өтеді. Бұл жылы неге Алматы?**

— Еліміздің астанасы түрлі форум, саммит, конференциялардың алаңына айналды деп толық айта аламын. Елордамыздың даму стратегиясында біраз іскерлік іс-шаралар өткізілді. Бірақ, біз Алматыда дүниеге келдік. Биыл біздің мерейтойымыз болғандықтан, онтүстік астанамызға оралып, қалай басталғанын еске алғымыз келді. Оның үстіне, Алматы әлі де болса, шығармашыл адамдардың басын қосатын еліміздің мәдени астанасы. Креатив, идеяның ордасы. Біздің бұл шешімімізді алматылықтар құптайды деп ойлаймын.

— **Еліміздің имиджін қалыптастыруда форумның атқарар рөлі қандай?**

— Әлгінде атағанымдай, форум мемлекетіміздің PR құралы. Әлемдік сарапшылар елдің PR-ін басты тақырыптардың бірі ретінде талқылайды. Сондай-ақ кәсіби қауымдастық ел брендингі туралы сөз етеді. Дегенмен барлық тарап жана имидж тәсілі керектігін алға тартады. Еуразия Медиа Форум алаңы Қазақстанның бетке ұстарының бірі саналады. Бұл терминді кезінде Саймон Энхольт енгізген. Ол мұндай шаралар арқылы ел қалаған нәтижеге қол жеткізе алатынын айтқан.

Әрине, ел имиджін қалыптастыруда жалғыз біз ғана жұмыс жасап жатырмыз деп айта алмаймын. Ол үшін бүгінде елімізде арнайы құрылған ұлттық компаниялар бар. Барлығымыздың мақсатымыз бір. Мүлдеміз ортақ.

— **Сұхбатыңызға рахмет! Алдағы форум жұмысына сәттілік тілеймін!**

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

QOĞAM

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Түйткіл

Соңғы кезде ресейлік сарапшылар мен саясаттанушылардың

түн ұйқысы төрт бөлініп, мазасы қойып, еліміздің сыртқы саясаттағы әр қадамын жіті бақылайтынды шығарды. Әсіресе, АҚШ-пен арадағы байланысымызды қызу талқылайды. Терістік көршіміздің бұқаралық ақпарат құралдары Каспий теңізіндегі бізге тиесілі аймақтарды АҚШ әскери-теңіз күштері пайдаланып жатыр деп байбалам салуда. Сондай-ақ еліміздің аумағында Американың әскери базасы ашылатыны жайлы

М.ШИБҰТОВ:

ЕШБІР ҚИСЫНҒА КЕЛМЕЙДІ

негізсіз пайымды арқау өткен түрлі жарияланымдар жарық көрді. Атап айтқанда, pravda.ru сайты «Қазақстан Пентагонмен жақындай түсті» деген тақырыпта мақала жариялады. Ал Newdaynews.ru сайты ресейлік сарапшы Константин Сивковтың пікіріне сүйене отырып, «Қазақстан Ресейге сенімсіздік білдіріп, АҚШ-ты қолдауға кірісті» деген сарында мақала басыпты. Оны жерден жөті қоян тапқандай болып forbes.kz сайты көшіріп басты.

Қазақстанның Ресейдегі елшілігі хабарлағандай, мұндай негізсіз ақпараттың тарауына 2010 жылдың 20 маусымында еліміз бен АҚШ арасындағы екі жақты келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама себеп болған. Ол құжатта Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыруға бүкіл халықаралық бірлестіктің күш салғаны айтылады. Елшіліктің таратқан мәлімдемесіне сәйкес, келісімнің 3-бабында Ресей де АҚШ-пен осындай келісім жасасып, арнайы жүктерді тасымалдауға қатысқаны көрсетілген. Онда неліктен кейбір ресейлік сарапшылар қисынсыз тұжырымын алға тартады? Осы жайында білу үшін саясаттанушы Марат Шибұтовқа хабарласып, пікірін білдік.

— Казір ресейліктер өзінің «жасанды» әлемінде өмір сүріп жатыр. Билік жергілікті БАҚ-тың көмегімен халықтың санасына

өзіне қажетті, саяси маңызды мәселелерді тынбай құюда. Бұл тұста әскери үгіт-насихаттың орны ерекше. Жергілікті халық өзгенің бәрін жау көретіндей жағдайға жетіп қалды. Олар үнемі «қай тұсымыздан жау келіп қалады» деген сияқты қорқыныш сезіммен отырады. Себебі күнделікті еститіні сол. Алыс-жақын елдің бәрін өздеріне қарсы деп қабылдайды. Бұл өте қарабайыр стратегия. Сондай-ақ мұндай насихат елдегі өзге мәселенің өршіп кетпеуіне, назардан тыс қалуына септігін тигізеді. Мәселен, экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шетке ысырып қоюға көмектеседі. Егер де Ресейдің қарапайым азаматтары қандай да бір мәселе көтеретін болса, оған жауап дайын тұрады. Мәселен, «Сіз ойылып кеткен жол мәселесін айттып отырғанда, байырғы көршіміз, ынтымағымыз жарасқан Қазақстан АҚШ-тың әскери базасын орналастырып жатыр. Америка кез келген



уақытта бір бүйірімізден соккы жасауы мүмкін. Осы тұста қай мәселеге назар аударуымыз керек?» деген сарында халық арасында насихат жүргізеді.

— **Ресейлік сарапшылар «Қазақстан Ресейді мүлдем қолдамай, АҚШ-тың сенімді серіктесіне айналады» — деген мазмұндағы шындыққа қисынсыз пікірлерін қаптағты. Осыған қатысты не айтасыз?**

— Білесіз бе, сол ресейлік сайт, телеарналарда пікір білдіріп жүргендер сарапшы емес, «насихатшылар». Олар сол Ауғанстанға тасымалданатын жүктің Ресейдің Ульяновск облысы арқылы да өтетінін неге айтпайды? Америкалықтардың Ауғанстандағы лаңкестермен бірлесе күресіп жатқанын, тіпті де тілге тиек етпейді. Біз де сол «насихатшылардың» ұстанған саясатын өзіне қарсы қолданадық. Ондай сарапшысымақтардың пікіріне мүлдем назар аудармасак, оларды ешкім елемейді.

Дайындаған
Елдос ӨМІРЗАК

Заң

Алматы қаласында бензин бағасын заңсыз көтерген жанар-жағармай тасымалдаушы мекемеден 4 миллион 242 мың теңге айыппұл өндірілді. Алматы қаласы әділет департаментінің «Әкімшілік айыппұлдарды өндірту» бөлімі заңға қайшы әрекет жасағандарға салынған айыппұлды мемлекет пайдасына өндірту үшін сот орындаушыларымен бірлесе жұмыс істеді.

АЙЫППҰЛДАН



ҚҰТЫЛМАЙСЫҢ

Департаментке заң бұзу фактісіне қатысты атқару құжаты өткен жылдың мамыр айында түскен. Осы орайда, соттың шешімін орындату мақсатында сот орындаушыларымен мекеменің заңды мекен-жайы бойынша орналасқан жеріне шығып, хабарлама беріледі. Алайда мекеме өкілдері оны назардан тыс қалдырған.

Бұдан әрі сот орындаушылары заң шеңберінде тиісті шаралар қолға алды. Атап айтқанда, екінші деңгейлі банктердегі мекеме шоттарына тыйым салыну негізінде, шоттағы салымдары бары анықталды. Осы атқарылған жұмыстар барысында инкассалық негізде шектеу қою жұмысы жүзеге асырылып, аталған мекеме сол жылдың желтоқсан айында барлық салынған айыппұлды, сонымен қатар 10 пайыз көлеміндегі орындаушылық санкциясын толығымен төледі.

Жалпы 2017 жылы Алматы қаласы бойынша әкімшілік айыппұл өндірту 1 миллиард 455 миллион теңге көлемін құраса, соның 1 миллиард 380 миллионы сот орындаушыларының араласуымен мемлекет кірісіне өндірілген.

Тағы бір атап өтетін жәйт, жыл көлемінде Алматы қаласы ІІД әкімшілік полициясымен бірлесіп шектеу қойылған автокөліктерді құрықтауға арналған жедел топтар құрылды. Осы құрылған жедел топпен іс-шара өткізуде борышкерлердің шектеу қойылған автокөліктері құрықталып, айыппұл тұрағына тоғытылды. Осындай іс-шаралар жоспарға сәйкес тоқсан сайын жүргізіліп, дер кезінде атқарылады.

Мәлдір ЕСМАМБЕТОВА,
Алматы қалалық әділет департаментінің
мемлекеттік сот орындаушысы



— **Алматы қаласында «мектеп бітіру кешіне 100 мың теңгеден астам қаржы жинап жатырмыз» деген ата-аналардың уәжі жарияланды. Сіз мектеп түлектерінің бітіру кешіне осынша қаржының жұмсалатынын дұрыс деп санайсыз ба?**

Сауалы

Аптаңың

Жауабы

Ерлан САҒАДИЕВ,
білім және ғылым министрі:

— **Мен өзім мектеп түлектерінің лимузинмен жүргеніне қарсымын. Жалпы, көп ақша жинамау қажет. Шоуға айналдырудың қажеті жоқ. Өз басым ондайға қарсымын. Моральдық тұрғыдан да дұрыс емес. Әйтсе де, түлектерге мектеп бітіргенін тойлап, таңды бірге атыруына қалай тыйым саласың? Жалпы бұл мәселені ұзақ талқылауға болады. Мысалы, қарсы болғандар мектеп бітіру кешіне мүлдем келмесе болады. Ол — әрбір адамның жеке қалауы. Бірақ 11 жылда бір рет болатын кешке рұқсат бермеу дұрыс емес сияқты.**





Міріс

Талдықорған қаласындағы Достық үйі 2008 жылы 28 қарашада ашылды. Ол халықтың өзіндік мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін сақтап дамытуға және этномәдени бірлестіктер мен Қазақстан Халқы ассамблеясының жұмысын белсендіруге мүмкіндік берді. Осындай үлкен жауапкершілікті арқаалаған Төңірберген Қасымбекбаев басшылық ететін Достық үйінде күн бойы қызу тірлік қайнап жатады. Өткен жылды үлкен жетістікпен қорытындылаған олар биылғы жылды да тамаша бастамалармен бастап кетті. Біз осы ретте Достық үйінің ұйымдастыруымен өткен бірқатар маңызды шаралар туралы арнайы тоқталғанды жөн көрдік.

Қазақстан Халқы ассамблеясының Астанада өткен 12-ші сессиясында Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына тенесек, түрлі этностар оның алтын арайлы уықтары іспетті. Бұл ретте байтақ мекенде баршамаңызды біріктіре түсетін ортақ құндылықтар бар. Ол — біздің талайғы тағдырымызды тұтастыратын шежірелі тарихымыз. Ол — біздің байтақ мәдени мұрамыз бен қазығы берік мемлекеттік тіліміз. Біздің жасампаз тарихымызды елдің әрбір азаматы мақтан етуге тиіс», — деп атап өтті. Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саясаттың бірі этносаралық татулық екені мәлім. Соның арқасында барлық этнос бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп, береке-бірлікте еліміздің болашағы үшін қызмет атқарып жатыр. Талдықорғандағы Достық үйі — соның айғағы. Достық үйі қызметінің мақсаты — еліміздің мемлекеттік



ұлттық саясатын, «Қазақстан Халқы ассамблеясы туралы» Заңын іске асыру, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау, Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту болып табылады.

Ағымдағы жылдың 16 ақпанында Қаратал ауданы Бастөбе ауылының М. Горький атындағы орта мектебінде Алматы облыстық Қазақстан корей қауымдастығының ұйымдастыруымен Елорданың 20 жылдығына арналған «Астана — биік шаңырақ» атты облыстық форум өтті. Форумға Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы, «Достық үйі — Қоғамдық келісім орталығы», облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы облыстық қоғамдық келісім, Аналар кеңесі, этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысты. Мұнда Елордамыздың 20 жылдық мерейтойына орай дайындалған концерттік бағдарламр көрсетіліп, көпшілікке Елбасыны Жолдауы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстары туралы түсінік берілді.

6 наурыз күні, Достық үйінде, облыстық «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығының ұйымдастыруымен Астана қаласының 20 жылдығы аясында 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Астана көктемі шақырады» атты форумы өтті. Мерекелік шарада, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық менгерушісі Ғабит Тұрсынбайұлы көпшілікті құттықтап, сөз сөйледі. Ол ассамблея жұмысына белсене араласып жүрген әйел азаматтарға алғыс айтып, баянды ғұмыр тіледі. Келесі кезекте облыстық «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени орталығының төрағасы Адам Бойсаев, «Достық үйі — қоғамдық келісім орталығының» директоры Төңірберген Қасымбекбаев, Алматы облысының

«Құрметті азаматы», «Ұлағат» ақсақалдар кеңесінің төрайымы Светлана Гаитова өз ойларын білдіріп, еліміздегі татулық пен бірліктің тал бесігінде тербелген этнос өкілдерінің бүгінгі жарқын күндері жайлы айтып берді.

Облыстық «Полония» поляк қоғамының ұйымдастыруымен де «Астана — бейбітшілік бесігі» атты фестиваль өтті. Шараға облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы, «Достық үйі — қоғамдық келісім орталығының» қызметкерлері, облыстық және қалалық қоғамдық келісім, Аналар кеңесінің төрағалары, этномәдени бірлестіктер төрағалары мен белсенділері, қала тұрғындары және БАҚ өкілдері қатысты. Мерекелік шара аясында концерттік бағдарлама, құттықтау сөздер мен марапаттау рәсімі өтті.

ассамблеясы, «Достық үйі — қоғамдық келісім орталығы» және этномәдени бірлестіктердің қолдауымен, Қазақстан халқының мәдени-моральдық дәстүрлерін сақтау және кеңейту мақсатында облыстық орыс орталығының ұйымдастыруымен «Масленица» мерекелік іс-шарасы өтті. Мерекенің «Масленица» аталуының да өзіндік себебі бар екен. Мереке кезінде бір апта майлы тағамдар желінеді, әсіресе, майға пісірілген жұқа дөңгелек құймақтар мол болады. «Неліктен құймақ құйған» десе, мынадай болжамдар мен ырымдар бар екен: біріншіден, оның дөңгелек формасына қарап көктегі күнге теңеген, сол жаңуға жылу өкеледі, жарық өкеледі деген. Екіншіден, ол ұннан жасалғандықтан, көктемгі жаңа егістен мол астық алу үшін әр үйде оны мол істеуге тырысқан.

Бұл мерекелік шараға өңірде тұратын барлық этнос өкілдері қатысып, достық пен татаулықтың және қоғамдық келісім бойынша елімізде атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижелі тұстары туралы әңгіме қозғалды. Тіпті этномәдени орталықтар дайындап келген концерттік бағдарламалар шараның шырайын келтіруімен қоса, ұлттар арасындағы береке мен бірлікті нығайта түсті. Спорттық жарыстар, ұлттық колөнер көрмесі, түрлі қызықты байқаулар көптің көңілінен шықты.

Осы шараның жалғасындай, 24 ақпан күні облыстық «Туған тель» татар этномәдени орталығы «Татар кулинариясының күні» атты мерекелік шараны өткізді. Расында, бүгінде татар мәдениетінің күндерін өткізу дәстүрге айналған. Этномәдени бірлестіктің жыл сайынғы шараларының арасында, басқа этномәдени орталықтардың шығармашылық ұжымдары да қатысатын «Сабантоу» мерекесі ерекше орын алады. Жыл сайын өтетін мерекелердің тағы бірі — аспаздық шеберлікке арналған байқаулар мен мерекелік концертпен жалғасатын татар халқының ұлттық тағамдар күні. Мерекелік бағдарламада көркемсурет көрмесі, колөнер көрмесі, аспаздық байқау, мерекелік концерт болды. Шара барысында аспаздық шеберлікке қатысты ойындар ойнатылып, татар этномәдени орталығының белсенділері марапатталды.

БІРЛІКТІҢ БЕСІГІ



Өткен ғасырда көптеген ұлтты туған жерінен шығарып, босқындықтың қамытын кигізген кенестік идеологияның айдауымен корей ұлты да ит арқасы қияндағы Қиыр Шығыстан Ұлы далаға мал вагондарына тиелген күйі жеткізілді. Қаратал ауданының орталығы Үштөбе қаласындағы жергілікті халықтың қамқорлығына алынғандардан басқалары Бастөбе жотасынан қазылған жертелелерді қоныс етеді. Қақаған қыстың суығын көтере алмай қаза тапқандар сол төбенің етегіне жерленіп, қара жерді томпайтып қала берді.

Содан бері талай су ақты, талай өзен сарқылды, талай пенде бақилық болды. Ел есінде қалғаны — айдаумен келген кәрістерге

қолындағы барын бөліп беріп, қонысының бір бұрышына орналастырған қазақтың ақсақалды қариясы мен ақ жаулықты анасының мейірімі мен қамқорлығы. Сол бір ауыр жылдарда келер ұрпағының болашағы жарқын болуын тілеген ақ жүректі, ақ пейілді қарттардың батасы бүгінде қабыл болып, Қазақстан Республикасы бейбітшіліктің, тыныштықтың, ынтымақтың ордасына айналды. Еліміздегі татулық пен тұрақтылық әлемнің көптеген елдеріне үлгі болып, адамзаттық қасиет — өзгеге жақсылық жасау ұстанымы асқақтады. Соның арқасында ата-бабаларынан топырағын тануға аттанған көптеген ұлттар Қазақстанды мақтанышпен еске алып, сырттай тілеуестік танытады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 1 наурыз — Алғыс айту күні болып жарияланды.

Иә, 1 наурыз күні — барша этнос өкілдерін бір шаңырақтың астына біріктірген ҚХА құрылған болатын. Елбасының Жарлығымен дәл осы күн Алғыс айту күні болып жарияланды. Алғыс айту күні біздің елімізде биыл екінші рет атап өтілді. Қоғам бірігуінің, азаматтық татулықтың, қоғамдық келісімнің, қазақстандық бірегейлік пен бірліктің

Форумда облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық менгерушісі Ғабит Тұрсынбайұлы, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі, әзірбайжан этномәдени орталығының төрайымы Асылы Осман, «Қазақстан-Корей достығы қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалының төрағасы Клара Хан, Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің Қазақстан Халқы ассамблеясы кафедрасының мүшесі, экономика ғылымдарының магистрі Фаррух Гаджиев сөз сөйлеп, өткенге көз жүгіртіп, қазақ халқының қонақжайлығы мен кең пейіліне алғыстарын білдірді. Шара барысында алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталып, марапаттау рәсімі өтті.

Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында өткен «Жаңғырудың негізі — тұрақтылық, бірлік, келісім» атты Қазақстан Халқы ассамблеясының XXV сессиясында Елбасы — Қазақстан Халқы ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев:

— Жүйелі жаңғыру биыл біздің бүкіл жұмысымыздың өзегіне айналды. Біріншіден, экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Екіншіден, саяси жаңғыруды бастадық. Үшіншіден, рухани жаңғыруға кірістік. Бұған мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаламды арнағанымды білесіздер, — деп көпшіліктің назарын жақында жарық көрген бағдарламалық мақаладағы негізгі міндеттерге назар аударды. — Мен ең алдымен болашақ қазақстандықтың болмысын айқындап, қандай болуы қажеттігін атап өттім. Біріншіден, ол — әлемдік бәсекетке қабілетті жасампаз тұлға. Екіншіден, алдына нақты мақсаттар қойып, соған ұмтылатын прагматик әрі реалист. Үшіншіден, ұлттық бірегейлікті нығайтып, ұлтының дамуын тежейтін барлық нәрселерден бас тартатын адам. Төртіншіден, білімнің салтанат құруын

ең маңызды іс санайтын, жаһандық білімнің шыңына шыққан жан. Бесіншіден, тек эволюциялық даму ғана халқының өсіп-өркендеуіне мүмкіндік беретінін жақсы түсінетін саналы азамат. Алтыншыдан, ол — түрлі тілдерді меңгерген, әлемнің үздік



Айталық, 27 ақпан мен 1 наурыз аралығында өткен Қаратал ауданы Бастөбе ауылы «Қазақ халқына мың алғыс» монументінде митинг, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында медиация бойынша «Ашық есік күні», Достық үйінде «Татулық — бірлік бастауы» — «Астанаға ыстық ықыласпен» облыстық форумы өтті. Айтұлы күнге орай өткен жиында кезекпен сөз алған Қаратал ауданының әкімі Рауан Рақымбеков, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық менгерушісі Ғабит Тұрсынбай, Әзірбайжан этномәдени орталығының төрайымы Асылы Осман, Қаратал ауданының Құрметті азаматы, Корей ардагерлер кеңесінің мүшесі Валентина Ин көпшілікті мерекемен құттықтап, алғысын арнады.

тәжірибелерін алуға және заман талаптарына сай өзгеруге қабілетті, сана-сезімі ашық адам, — деп атап өтті.

Елбасының осы тапсырмасын іліп әкеткен облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы мен Достық үйі келісім орталығы өңірдегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында біраз шаруаның басын қайырды. Осы шараға Достық үйі де белсене араласып, игілікті істің өрге басуына барынша қолдау танытып келеді. Айталық, 11 сәуір күні Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылының медициналық колледжінде, Алматы облыстық татар-башқұрт этномәдени бірлестігінің ұйымдастыруымен «Қазақстан халқының рухани жаңғыруы» атты облыстық фестиваль өтті. Оған этномәдени бірлестіктер төрағалары мен белсенділері, колледж оқытушылары мен білімгерлері және БАҚ

Біз неге жазушы Ғабиден Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжалынан» бастап отырмыз? Өйткені біздің кейіпкер де бір үйірдің басшысы, білдей бір қылмыстық топтың атаманы. Ол азан шақырып қойған атымен емес, лақап есіммен танылған дүр. Сонымен, «Әділ Қытай» аталған қылмыстық топтың басшысы кім? Ол неге «Әділ Қытай» атанған? Осы сұрақтардың жауабын біздің шағын детективтен табасыздар.

ТҮРМЕ АЗАБЫ

Қара тастан ұрған кан мен сыз колканы кабады. Ауа да зілдей ауыр. Күн көзі түспейтін суырдың ініндей сығырайған тесіктен кірген әлсіз жарық қана мұнда тіршілік иесінің барынан хабар беретіндей. Қандала қаптаған қара тактайдың үстінде біреу ұзынынан көсіліп жатыр. Ауыр күрсінеді. Жамбасы тесіліп ары-бері аунайды. Азу тістерін шақұр-шұқыр еткізіп бір-біріне қайрайды. Содан соң «Тас түрме — деген осы ма?» деп өз-өзіне түсініксіз сұрақ қояды.

— Иә, абакты деген осы, — деп тағы да өз-өзіне жауап қайтарады.

— Анау шойындай қара есік қашан ашылады? — дейді бір ішкі дауыс.

— Ол енді саған жабық, — деді сол нығын басып отырған сүйкімсіз бір жарықшақ үн.

Бұл шошынып, орнынан қарғып тұрды. Қарғып тұрды деген аты ғана, әйтпесе, буын-буыны құрып, әл-дәрмені саркылып, кан ісі сінген қабырғаға сүйеніп жатып әрең тізе жазған. Бойын тіктеп еді, басы төбеге тиді. Белі қатып қалған екен, емін-еркін керіліп-созылуға тауықтың күркесіндей мына бөле тарлық қылды. Зығырданы қайнап шойын есікті жуан жұдырығымен қойып-қойып қалды. «Әу» деген пенде жоқ.

— Шығарындаршы мына бөледен. Ақша десендер, қап-қап ақша берейін. Дүние-мүлкімнің бәрін талап алындар. Қидым! Шығарындаршы, мына тозақтан, — деп торға түскен арыстандай арпалысты. Есік те, тас қабырға да міз бақпады. Қолдан келер қайран кәні?! Тағы да бойын жаза алмай, әлгі суық тактайға құлай кетті. Құлап жатып, өгіздей өкіріп жылады. Жылап жатып, өзегін өкініш ортеп, безгек болған адамдай қалшылдады.

Сөйтіп жатып, көзі ілініп кетіпті. Өңі ме, түсі ме, білгісіз. Бір кезде шойын құлып шарқ етіп, шойын есік зырқ етіп ашылды. «Әділ Қытай» деген сен бе?» деді сұлбасы, суық белгісіз бейне.

— Иә, Әділ Қытай деген менмін, — деді бұл.

— Қанша адамды тонап, қанша адамның қанын жүктедің? — деді әлгі сұлба орнынан міз бақпай.

— Қазір, қазір санайын, — деді бұл саусағын бүгіп.

— Оған сенің саусағың түгiлi, шашың да жетпейдi, — деді әлгі есік көзіндегі сүркейлі сурет.

— Шығаршы, мына қапасыңнан, — деді бұл қара терге малшынып.

— Сен енді шықпайсың. Қолымен жасаған қылмыстарыңды мойнымен көтересің, Әділ Қытай! — Жок, жок!..

Түсі екен. Бастырылып қалыпты. Үстіндегі кан мен тер сінген киімі малмандай су. Ашылған есік те, әлгі сұлба да ғайып. Тар қапас, тас еден, тымырсық түрме...

БОСТАНДЫҚТАҒЫ БОЗ ДӘУРЕН

Бұл атынан Алматы сексенген, «Әділ Қытай» атанып кеткен қылмыстық топтың төресі — Жадилжан Ялкунжанов. Окшантайы оқ пен көк қағазға толып жүрген кезінде Алатаудың қалпағын шыр айналдырған дүрдің бірі еді. Қазіргі хәлі анау: кеудесін көтеру түгiлi, белін жаза алмайды. Қолы байлауда, басы матауда.

«Әділ Қытайдан» қорлық көргендердің санына саусақ жетпейтін болып шықты. Қорқытып-үркіткендері, бопсалағандары мен тонағандары, өлтіріп, артын жуып-шайып кеткендері қаншама?! Алматыдағы зәулім үйі қару-жарак сақтайтын қойма сияқты. Ал ұл-қыздарының өмірі жұмақтан бір мысқал да кем емес.

Жадилжан Ялкунжанов *(кейіпкерлердің аты-жөні өзгертіліп алынды)* Алматыда туып, осы қалада өсті. Ол токсаныншы жылдары білек күші мен қалтасындағы қаруына сенген дүрлердің соңын жалғаған ізбасары болғысы келген. Қайсыбір жылы 50 жас мерейтойын тойлаған кезде, оның қуанышын ортақтасуға небір мықтылар мен жайсаңдар жиналыпты. Әлгі «Айшуақ-Жантүгел», «Атаба», «Арнай» сияқты аты шулы қылмыстық топтардың серкелері сол дастарханнан дәм татқан. Бұл «Әділ Қытайдың» тасы өрге домалап тұрған шақ болатын.

Ол кезде Жадилжан үшін біреудің үйін, қымбат көлігін тартып алу аса қиындық тудырмайтын-ды. Қасында «шаш ал десе, бас алатын», «отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын» оққағарлары болды. Анау жакта мұның жымын білдірмей, жылан жалағандай, із қалдырмай қорғап отырған көкесі болды. Ол — Алматы қаласы Әуезов аудандық ішкі істер бөлімінің бұрынғы басшысы Ақыт Асабеков еді. Ж.Ялкунжанов Асабековке жасаған қылмысына көз жұма қару үшін қап-қап ақша, алтын-ғауһар беріп отырған...

«Зындан» түбінде жатып, қақпаң қаққан қасқырдай ұлыған Жадил осылай өткен күндерін есіне ала бастады...

ОТ КЕШКЕН КҮНДЕР

«Шынымен, жасамаған қылмысым қалмапты ғой» деді тағы да өз-өзіне күбірлеп. Қараңғы қапастан сәуле іздегендей жан-жағына қарап еді, бүкіл әлем түңкеске айналғандай. Әлгі қаранғылықтың арасынан пәтерін тартып алған жалғызбасты әйелді көзі шалып қалғандай болды.

— Көптің көз жасы, жетім мен жесірдің қарғысы жіберуші ме еді сені? Әлі-ақ жазанды аласың, — деп төніп тұр.

Жесір әйелдің жалғыз бөлмелі пәтерінің ақшасын алып, орнына үш бөлмелі үй беремін деп тақырға отырғызып кеткенін ойлап еді, миығына арсыз күлкі үйірілді. «Ол да бір дәурен екен ғой» деді іштей.

Қақаған қаңтар болатын. Мұның оққағарлары Бахаргүл деген жесір әйелді ертін келді. Жадилжан «Біз банктерде кепілде тұрған үйлерді арзан бағамен алып бере аламыз» деп сендірді. Әйел сенді. Бір бөлмелі үйін сатып, барлық жиған-тергенін «Әділ Қытайдың» ұсына салды. Арала бірнеше апта өтті. Банктен де, әлгі Ялкунжановтан да хабар жоқ. Жер-көктен іздеді. Тапты. Қасындағы алмас қылыштай қылпылдап тұрған жандайшаптары «Үй қайда? Мына жерден қара басыңды алып шықсаң, саған сол олжа» деп сес көрсетті.

«Соңғы уақытта теледидар мен әртүрлі газеттерден гөрі халық арасында беделі артқан «ұзынқұлақтың» «банкирді үйінің подъезінде атып өлтіріпті» деген кезекті хабары Алматы жұртшылығына жай оғындай жылдам тарады. Қылмыстық топтар арасындағы қантөгістер, жекелеген бизнесмендердің өлтірілуі сияқты қанды оқиғалар Қазақстан астанасы үшін жаңалық емес еді. Бірақ Жұман Ақбергенов — банкирлердің ішіндегі ең алғашқы құрбандық болғандықтан, бұл қастандыққа айрықша мән берілді»

Ғабиден ҚҰЛАХМЕТ,
«Үйірі жоқ көкжал» романынан

ӨОЖҰҒЫ



«ЖЕӨРҰҒЫ»

«Мал ашуы — жан ашуы». Пәтерінен, өмір бойы жиған-тергенінен айырылу оңай ма? «Әділдің өзімен кездесемін» деп, Бахаргүл байбалам салып еді, күзетшілер мұны ішке кіргізді. Өткен жолғы көрген Жадилжан жоқ. Көк түтінінің арасында түсі жауар бұлттай түнерген біреу отыр. «Айналайын інім, үш бөлмелі пәтеріңді бермей-ақ қой. Өз ақшамды қайтаршы. Екі баламен далала қаламын ба? Жандарың ашсыныншы» деп әлгі безерген қараның аяғына жығылды. Ол мұны адам құрлы көрген жоқ.

— Мынаны қуып жіберіндер!.. Әй, қатын, есінде болсын, кім айтты саған, «Әділ Қытай» алғанын қайтаралы деп? Енді менің мазамды алсаң, екі балаң түл жетім қалады, — деп көзін шұқыды.

— Құдай бар болса, сен де мен құсап анырап қал! — деді мұсауіріп күйге түскен әйел. Сөйтіп асыраушысы жоқ ана қара суықта далала қалды. Ал Жадилжан болса, айылын жияр емес.

— Сол қатынның қарғысы тиді-ау! — деп тас қабырғаны қолының сыртымен гүрс-гүрс ұрды. Қолын ауырсынғандай болған, бірақ жанының дерті жеп бара жатыр. Көзін жұмып еді, өзі оққа байлаған әйгілі кикбоксшы Асқат Қаканов елестеді. Оны да өз қолымен жер жастандырып еді ғой.

Ол күздің сүркейлі, суық күндерінің бірі болатын. Қакановтың спорттағы жетістігі, Әділге көрсеткен мінезі ұнамаған. Жадилжан Ялкунжановтың жігіттері Қакановты жақын тартып, одан тәлім алып жүреді. Спорт залдағы жаттығудан тыс уақытта адал жолмен жүруге үгіттеп, ағалық ақылын айтып тұратын болған. Жанған отқа, ұшқан оққа қарсы тұра алатын, жалындаған жас жігіттері бір-ақ күнде Асқаттың ығына жығылып, айтқанына көніп шыға келеді. Спортшының мұнысы әйгілі Сары Алмастан асып түсуге ниеттеніп жүрген Ялкунжановқа ұнамады. Сөйтіп бір түнде қолына қару алып, қасына бір нөкерін

DETECTIVE



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ертіп, Қакановты арғы дүниеге жөнелтуге аттанады.

Нөкерінің қолын қанға батырған соң, мұны айтқанынан шықпайтын қолшоқпарына айналдырып алды. Ондай «шоқпардан» біреу ғана емес, бірнешеуі болды. Бәрі шетінен «сен тұр, мен атайын» дейтін нағыздардың өзі. Бәрінің мойнына ілген қылмысы, аяғын бастырмайтын «ұзын тұсау, кең арқаны» бар.

КҮНІ БАТТЫ, ҮНІ ӨШТІ

Түрмеде отырған адамға күндіз де, түн де бірдей екен. Танның атқаны, күннің батқанынан хабары болмайды. Оның үстіне, суырдың ініндей тесікке телмірген қатаң режимдегі адам үшін күн түгiлi, ай атынан жаңыланының айдан анық.

«Әділ Қытай» соңғы сот отырысын есіне алды. Күндіз-түні қасынан шықпай, мұның амандығын, бала-шағасының есендігін күзеткен қырағы оққағарлары бір-ақ сәтте мұны сатып шыға келді. «Әй, иттер-ай, сендердің сатып кететіндеріңді білгенде, әлдеқашан көздеріңді құртар едім» деп тісін қайрады.

Амирдин Шахиров сот алдында бұның көзіне тік қарап тұрып: «Жадилжан Ялкунжанов нағыз қандықолдың өзі. Ол ешкімнен қорықпайды. Қарсы келгенді атады, шабады. Сұрақ, жауап деген жоқ оған» деді. Ал сенімді аламының бірі Махмұт Иханов «Әділ Қытайдың» жүрегі тастай қатты, мұздай суық. Ол жетім-жесірді де, кембағалды да тонады. Асқат Қакановты да өлтірген осы. Мен мұның

соған арқа сүйеп, жарты Алматыны жалпағынан басты ғой, шіркін!

«Мен барда сенің басыннан бір тал шаш түспейді. Ақ дегенің алғыс, қара дегенің қарғыс. Жалғанды жалпағынан бас та жүре бер» деуші еді. «Әділ Қытай» соған сенді. Бір жолы қала шетіндегі демалыс үйінде Асабековты достарымен бірге қонақ қылды. Құстың сүтінен, жылқының өтінен басқаның бәрін «қрышасының» алдына үйіп-төкті. Ақша судай ақты, көлдей көпірді. Бәкең де оңай шағылатын жанғақ емес екен. Бір жағы мақтап, бір жағы көзірін есіне салып, Зайнауидиновтың қылмыстарын жіпке тізгендей санап жатыр. «Әділ Қытай», сенің мойыңда кімдердің қаны барын білесің бе? Қасында оққағарың болған 7 адамыңды сен үшін түрмеге мен отырғыздым... Қытайлармен бірігіп, есірткі сатумен айналысқаның үшін жазаны басқа біреу аркалап, түрмеде шіріп жатыр... Шұхрат Ұлпыхаровты қорқытып-үркітіп, 150 мың долларын алып қана қоймай, оны 800 мың доллар қарызға батырдың да тастадың... Алматыдағы суық қару-жарак саудасын жасайтын жалғыз дөкей — тағы сенсің!.. Қысқасы, сенің қылмыстарыңды тізсем, жазасын өтеуге бір ғұмырын жетпейді», — деп қайырды.



Шынымен, солай болатын. Асабеков не айтса да, бұл оған құлдық ұратын. Өйткені, мұның жасаған ісінің бәрінің ізін сол «көкесі» жуып-шайып отыр.

Асабековтың емеуірен ерінінен түсініп үйренген бұл сол жерде оның алдына бір қап ақша тастады. Ақыттың достары аузын ашып, көзін жұмды. Жасыл ақша көзді қалай арбайды, ә?! Оның үстіне, үнемі бұдан ауыз бастырғы алып үйренген оның жанары бұл жолы жанып кетті. Бір қап ақша деген оңай ма? Өңі түгiлi, түсінде көрмеген көп байлық. Сол күні пара берген жак та, алғандар да демалыстан хош аттанды.

Арада көп күн өткен жоқ, сенген серкесі бір-ақ күнде қақпаң қапты да, қапыда сотталып кетті. Жадилжан болса, бармағын қарш еткізіп отырды да қалды. Сол күннен бастап, бұл өзіне бір тықырдың таяп қалған іштей түсінді. Бірақ үйренген кәсіп: біреуді тонап, біреуді қанап, желі жолмен ақша тауып жүре берді.

ҮЙІРІНЕН АДАСҚАН КӨКЖАЛ

— Әй, иттер-ай, мен бұларға органның адамдарымен байланыспа деп едім. Бұлардың мұнысы несі? — деп қабырғаны ұрамын деп тактай-төсегінен құлап түсті. Елденнің сызы жамбасын тесіп бара жатыр. «Сауысқаннан сәк едік қой. Қалай ғана құрыққа түсіп қалдық?» деп өзіне-өзі сұрақ қойды. «Соншама қару-жаракпен: Калашников автоматы, қосауыз мылтықпен, тіпті «Гранатометпен», атыс-шабыссыз қолға түсіп қалғанымыз қалай?» — деп күйінді.



Сары Алмастың қасында жүрген сонау токсаныншы жылдардағы тобықшақтан қан кешкен күндерін есіне алды. Сары Алмас көз жұмған соң, оның қол астындағы жігіттердің тоз-тозы шығып, сиырдың бүйрегіндей қырыққа бөлініп кетпейтін пе еді. Жадилжан да сол топтан өз енішісін алып бөлек кеткен. Қарамағындағы жігіттердің денін өз ұлтынан таңдады. Бұлардың араласпаған қылмысы жоқ. Қытай мен Қазақстан шекарасында аткешшілікпен айналысты. Есірткі сатты. Зансыз қару-жарак өткізді. Тыйым салынған сауданың бәрімен айналысты. Қытайлармен көбірек алыс-беріс жасаған соң, бұның атына «қытай» қосылды. Сөйтіп, «Әділ Қытай» атанып шыға келді.

Жарты Алматыны ашса алаканында, жұмса жұдырығында ұстаған, бір үйірдің көкжалы қазір жападан-жалғыз жатыр. Тек екі ұлы — Шахмардан мен Мұраджан ғана әкесін ақтап алуға тыраштануда.

Ғабиден Құлахметтің «Үйірі жоқ көкжалындағы» сияқты бұл да үлкен қылмыстық топтан қара басы ғана қалды. Сонына ерген нөкерлерінің қазір бірі де жоқ. Өз жарасын өзі жалап жазатындай емес, көкірек тұсын өкініш ортеп барады.

Өкініп жатып, кезінде өзі қару мен қара күшімен көмектескен шенділерден үміт үзгісі келмеді. «Мен бәрібір мұнда қалмаймын. Осы жасыма дейін жоғары жақтағы қаншама дөкейлердің жыртысын жыртыттым. Бизнесіне көмектестім. Басыма іс түсіп, қиналғанда олар қарап жатпас. Мына абыр-сабыр басылсын. Содан кейін олар мені түрме түгiлi, зындан болса да құтқарып алады» деп өзін-өзі сендірді іштей. Қиял деген жүйрік қой. Жарты құлақ жарыққа зәру болып жатса да, бостандықты аңсайды екен. Өз қолымен жасаған қылмысын, өлтірген адамын, тонаған ақшаның құнын дәл қазір ойлайтын шамасы жоқ.

Жарас КЕМЕЛЖАН
(Әңгіме КТК телеарнасының деректері негізінде жазылды)



қолпаптап келген «қрышасы» бұған адал болды. Бақыт Қасабеков кеткен соң, мұның басынан бағы та бастаған. Өзі де оны сезетін. Бір жолы бала-шағасын жиып алып «Менің артыма із түсті. Күнім батып барады. Бәріне дайын болыңдар!» деп ескерткен. Б.Қасабеков Алматыдағы Әуезов аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы болған. Жадилжан

